

## Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенттік округіне қарасты елді мекендерінің кейбір көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Ескелді ауданы Қарабұлақ кенттік округі әкімінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 324 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 8 тамызда N 2-9-68 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабындағы 4-тармағын басшылыққа алып, Қарабұлақ кенттік округіне қарасты, Қарабұлақ кенті, Шымыр, Байысов, Абай және Ешкіөлмес ауылдары тұрғындарының пікірлерін және Ескелді аудандық ономастика кеңесінің келісімін ескере отырып Қарабұлақ кенттік округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенттік округіне қарасты, Қарабұлақ кенті, Абай, Ешкіөлмес, Шымыр және Байысов ауылдарындағы көшелердің атаулары төмендегідей өзгертілсін,

- Қарабұлақ кенті бойынша:
- 1) Озерная көшесі Латиф Хамиди көшесі деп ауыстырылсын;
  - 2) Каратальская көшесі Қаратал көшесі деп ауыстырылсын;
  - 3) Кирзаводская көшесі Ақын Нұрманбетов деп ауыстырылсын;
  - 4) Савицкая көшесі Қайрат Рысқұлбеков деп ауыстырылсын;
  - 5) Западная көшесі Мәди Бапұлы деп ауыстырылсын;
  - 6) Киров көшесі Төлеген Тоқтаров деп ауыстырылсын;
  - 7) Столичная көшесі Шона Смаханұлы деп ауыстырылсын;
  - 8) Дорожная көшесі Оралхан Бөкеев көшесі деп ауыстырылсын;
  - 9) Первомайская көшесі Қалқа Жапсарбаев көшесі деп ауыстырылсын;
  - 10) Семиреченская көшесі Саумал Ноғайбаева көшесі деп ауыстырылсын;
  - 11) Железнодорожная көшесі Бердібек Соқпақбаев көшесі деп ауыстырылсын;
  - 12) Подгорная көшесі Рақымжан Қошқарбаев көшесі деп ауыстырылсын;
  - 13) Полевая көшесі Базарбай Асанов көшесі деп ауыстырылсын;
  - 14) Мельничная көшесі Дәуітәлі Серіков көшесі деп ауыстырылсын;
  - 15) Маяковский көшесі Қатша Есболатова көшесі деп ауыстырылсын;
  - 16) Спортивная көшесі Ыдырыс Ноғайбаев көшесі деп ауыстырылсын;
  - 17) Комаров көшесі Әйтеке би көшесі деп ауыстырылсын;
  - 18) Энергетиков көшесі Шәмші Қалдаяқов көшесі деп ауыстырылсын;
  - 19) Щорс көшесі Қазанғап көшесі деп ауыстырылсын;
  - 20) Садовая көшесі Махамбет Өтемісұлы көшесі деп ауыстырылсын;

- 21) Мичурин көшесі Әсет Бейсеуов көшесі деп ауыстырылсын;
  - 22) Шоссейная көшесі Сүйінбай Аронұлы көшесі деп ауыстырылсын;
  - 23) Космодемьянская көшесі деп ауыстырылсын;
  - 24) Молодежная көшесі Міржақып Дулатов көшесі деп ауыстырылсын;
  - 25) К. Маркса көшесі Шәкен Айманов көшесі деп ауыстырылсын.
2. Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенттік округіне қарасты Абай ауылы бойынша:
    - 1) Строителей көшесі Нұрғиса Тлендиев көшесі деп ауыстырылсын;
    - 2) Кирова көшесі Әліби Жангелді көшесі деп ауыстырылсын.
  3. Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенттік округіне қарасты Ешкіөлмес ауылы бойынша:
    - 1) Тельмана көшесі Кемел Тоқаев көшесі деп ауыстырылсын;
    - 2) Чапаева көшесі Мұхаметжан Тынышбаев көшесі деп ауыстырылсын;
    - 3) Станционная көшесі Құсақ көшесі деп ауыстырылсын.
  4. Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенттік округіне қарасты Шымыр ауылы бойынша:
    - 1) Новая көшесі Сұлтанмахмұт Торайғыров көшесі деп ауыстырылсын.
  5. Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенттік округіне қарасты Байысов ауылы бойынша:
    - 1) Комонавтов көшесі Кесік көшесі деп ауыстырылсын.
  6. Осы шешім алғашқы жарияланғаннан күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

*округінің әкімі*

*Қ а р а б ұ л а қ                      к е н т т і к*  
*Қ.К. Жексенов*